

"Қазақстан Республикасының Ұлттық мұрағат қоры құжаттарын орталықтандырылған мемлекеттік есепке алу туралы нұсқаулықты бекіту туралы " Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2013 жылғы 6 ақпандағы № 27 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2016 жылғы 9 желтоқсандағы № 321 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 10 қаңтарда № 14654 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің м.а. 2018 жылғы 25 шілдедегі № 168 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Мәдениет және спорт министрінің м.а. 25.07.2018 № 168 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 22 желтоқсандағы "Ұлттық архив қоры және архивтер туралы" Заңының 9-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Қазақстан Республикасының Ұлттық мұрағат қоры құжаттарын орталықтандырылған мемлекеттік есепке алу туралы нұсқаулықты бекіту туралы " Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2013 жылғы 6 ақпандағы № 27 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8366 болып тіркелген, 2013 жылғы 20 наурыздағы № 90 (28029) " Егемен Қазақстан" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Ұлттық архив қоры құжаттарының құрамы туралы деректердің орталықтандырылған мемлекеттік есебін жүргізу қағидаларын бекіту туралы";

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 22 желтоқсандағы "Ұлттық архив қоры және архивтер туралы" Заңының 9-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:"**;

1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Ұлттық архив қоры құжаттарының құрамы туралы деректердің орталықтандырылған мемлекеттік есебін жүргізу қағидалары бекітілсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Ұлттық архив қоры құжаттарының құрамы туралы деректердің орталықтандырылған мемлекеттік есебін жүргізу қағидалары осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Мұрағат ісі және құжаттама департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қағаз және электрондық түрдегі қазақ және орыс тілдеріндегі көшірмесін ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдануын;

3) ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн ішінде осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы тармақпен қарастырылған іс-шаралар орындалғаннан кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Заң қызметі департаментіне іс-шаралардың орындалуы туралы мәлімет беруді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрі*

А. Мұхамедиұлы

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт
министрінің
2016 жылғы 9 желтоқсандағы
№ 321 бұйрығына қосымша
Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат
министрінің
2013 жылғы 6 ақпандағы
№ 27 бұйрығымен
бекітілген

Ұлттық архив қоры құжаттарының құрамы туралы деректердің орталықтандырылған мемлекеттік есебін жүргізу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Ұлттық архив қоры құжаттарының құрамы туралы деректердің орталықтандырылған мемлекеттік есебін жүргізу қағидалары (бұдан әрі –

Қағидалар) Қазақстан Республикасы Ұлттық архив қоры (бұдан әрі – Ұлттық архив қоры) құжаттарының құрамы туралы деректердің орталықтандырылған мемлекеттік есебін жүргізу тәртібін айқындайды.

2. Ұлттық архив қоры құжаттарының құрамы туралы деректердің орталықтандырылған мемлекеттік есебін жүргізуді қамтамасыз етуді архивтер мен құжаттаманы басқару жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) жүзеге асырады.

2-тарау. Ұлттық архив қоры құжаттарының құрамы туралы деректердің орталықтандырылған мемлекеттік есебін жүргізу тәртібі

3. Қазақстан Республикасы 1998 жылғы 22 желтоқсандағы "Ұлттық архив қоры және архивтер туралы" Заңы 4-бабының 1-тармағына сәйкес Ұлттық архив қоры мынадай құжаттардан:

- 1) заң актілерінен және басқа да ресми құжаттардан;
- 2) басқару, ғылыми-зерттеу, жобалау-конструкторлық, технологиялық, патенттік-лицензиялық, картографиялық, геодезиялық, геологиялық, телеметриялық және басқа да арнаулы құжаттамадан;
- 3) электрондық ақпараттық ресурстардан, машинамен оқуға бағдарланған және дыбыстық-бейне құжаттамадан;
- 4) тарих пен мәдениеттің деректі ескерткіштерінен;
- 5) жеке адам тегінің құжаттарынан және ұлттық құндылық болып табылатын өзге де құжаттамадан;
- 6) Қазақстан Республикасының меншігіне түскен өзге де құжаттардан;
- 7) құжаттардың сақтандыру көшірмелерінен тұрады.

4. Ұлттық архив қоры құжаттарының құрамы туралы деректердің орталықтандырылған мемлекеттік есебін жүргізу Ұлттық архив қорының құжаттарын тұрақты, уақытша сақтауды жүзеге асыратын барлық ұйымдар үшін бірыңғай болып табылады және физикалық жекеленген құжат немесе дербес маңызы бар құжаттардың жиынтығы болып табылатын архивтік қорлар, сақтау бірліктері бойынша жүзеге асырылады.

5. Ұлттық архив қоры құжаттарының құрамы туралы деректердің орталықтандырылған мемлекеттік есебін жүргізу:

- 1) орталықтандыру;
- 2) бірыңғайлау;
- 3) динамикалығы;
- 4) толықтығы және шүбәсіздігі принциптеріне негізделеді.

6. Ұлттық архив қоры құжаттарының құрамы туралы деректердің орталықтандырылған мемлекеттік есебін жүргізу үшін Қазақстан

Республикасының Ұлттық архиві, Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік архивтері, арнаулы мемлекеттік архивтер, Қазақстан Республикасы Президентінің архиві және жергілікті атқарушы органдар жыл сайын жұмыс туралы жылдық есеппен бірге уәкілетті органға бір данада:

1) осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша архив паспортын;

2) осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша қор карточкасын;

3) осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша қорлардың құрамы мен көлеміндегі өзгерістер туралы мәліметтерді;

4) осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша қорлар каталогы бойынша есептік мәліметтерді ұсынады.

7. Қазақстан Республикасы Ұлттық архив қорының құжаттарын мемлекеттік есепке алуды Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 22 желтоқсандағы № 145 бұйрығымен бекітілген Ұлттық мұрағат қорының құжаттарын, басқа да мұрағат құжаттарын мемлекеттік және арнаулы мемлекеттік мұрағаттардың толықтыруы, сақтауы, есепке алуы мен пайдалануы қағидаларында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10127 болып тіркелген) белгіленген тәртіппен мемлекеттік және арнаулы архивтер, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 22 желтоқсандағы № 146 бұйрығымен бекітілген Ұлттық архив қорының құжаттарын және басқа да архив құжаттарын ведомстволық және жеке меншік архивтердің қабылдауы, сақтауы, есепке алуы және пайдалануы қағидаларында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10128 болып тіркелген) бекітілген тәртіппен ведомстволық және жеке меншік архивтер жүзеге асырады.

8. Уәкілетті орган жыл сайын есептік жылдан кейінгі 15 ақпанға қарай Қазақстан Республикасының Ұлттық архиві, Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік архивтері, Қазақстан Республикасы Президентінің архиві, арнаулы мемлекеттік архивтер және жергілікті атқарушы органдар ұсынған қор карточкаларының негізінде Орталық қорлар каталогына өзгерістер мен толықтырулар енгізеді.

9. Қазақстан Республикасының Ұлттық архиві, Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік архивтері, Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві, және жергілікті атқарушы органдар үш жылда бір рет жұмыс туралы жылдық есеппен бірге осы Қағидалардың 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша мемлекеттік архивтердің толықтыру көздері-ұйымдар архивтерінің жиынтық паспортын жасайды және уәкілетті органға ұсынады.

10. Уәкілетті орган үш жылда бір рет есептік жылдан кейінгі 15 ақпанға қарай осы Қағидалардың 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша ұсынылған жиынтық паспорттардың негізінде республика бойынша мемлекеттік архивтердің толықтыру көздері-ұйымдар архивтерінің жиынтық паспортын құрастырады.

Ұлттық архив қоры
құжаттарының құрамы туралы
деректердің
орталықтандырылған
мемлекеттік есебін жүргізу
қағидаларына 1-қосымша
Нысан

Кімге ұсынылады _____

(алушының атауы)

Кім ұсынады _____

(есеп беретін ұйымның

_____ атауы)

20__жылғы " __ " _____ архив паспорты

(архивтің атауы)

1. Архивтік құжаттардың құрамы мен көлемі

№ р/б	Көрсеткіштер	Қорлардың саны	Сақтау бірліктерінің саны				Уақытша сақтауға қабылданған сақтау бірліктерінің саны
			барлығы	соның ішінде			
				тізімдемелерге енгізілгені	мемлекеттік тілдегілері	есепке алынған аса құндылары	
1	2	3	4	5	6	7	8
1	Қағаз негіздегі құжаттар. Барлығы						
1.1	Басқару құжаттамасы						
1.2	Жеке тектік құжаттар						
1.3	Ғылыми-техникалық құжаттама						
1.4	Жеке құрам бойынша құжаттар						
2	Киноқұжаттар						
3	Фотоқұжаттар						
4	Дыбыстыққұжаттар						
5	Бейнеқұжаттар						
6							

	Машинада оқылатын құжаттар						
7	Төлнұсқа құқығындағы шағын нысандар						
8	Жиыны						

Есеп бірлігінің көлемі

№ р/б	Көрсеткіштер	Есеп бірлігінің саны	
		барлығы	соның ішінде тізімдемелерге енгізілгені
1	2	3	4
1	Киноқұжаттар		
2	Дыбыстыққұжаттар		
3	Бейнеқұжаттар		
4	Машинада оқылатын құжаттар		

2. Архивтік құжаттар көшірмелерінің сақтандыру қорының құрамы мен көлемі

№ р/б	Көрсеткіштер	Сақтау бірліктерінің саны		Сақтандыру қорының көлемі	
		сақтандыру қоры үшін көшірілгендері	пайдалану қоры барлары	негативтер кадрларының саны	Сақтандыру қорының сақтау бірліктерінің саны
1	2	3	4	5	6
1	Қағаз негіздегі құжаттар. Барлығы				
1.1	Басқару құжаттамасы				
1.2	Жеке тектік құжаттар				
1.3	Ғылыми-техникалық құжаттама				
1.4	Жеке құрам бойынша құжаттар				
2	Киноқұжаттар				
3	Фотоқұжаттар				
4	Дыбыстыққұжаттар				
5	Бейнеқұжаттар				
6	Машинада оқылатын құжаттар				
7	Төлнұсқа құқығындағы шағын нысандар				
8	Жиыны				

3. Архивтік құжаттарға ғылыми-анықтамалық аппараттың құрамы мен көлемі Тізімдемелер, каталогтар, деректер базасы

№ р/б	Көрсеткіштер	Тізімдемелер (есепке алу және сипаттау кітаптары) саны		Каталогтандырылды				Құжаттардың құрамы мен мазмұны туралы деректер базалары құрылды	
		барлығы	оның ішінде толық жинақта	Қорлардың саны	Сақтау бірліктерінің саны	Жасалған карточкалар саны		Деректер базаларының саны	мегабайттағы көлемі
						барлығы	оның ішінде каталогтарға енгізілгендері		
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1	Қағаз негіздегі құжаттар. Барлығы								
1.1	Басқару құжаттамасы								
1.2	Жеке тектік құжаттар								
1.3	Ғылыми-техникалық құжаттама								
1.4	Жеке құрам бойынша құжаттар								
2	Киноқұжаттар								
3	Фотоқұжаттар								
4	Дыбыстыққұжаттар								
5	Бейнеқұжаттар								
6	Машинада оқылатын құжаттар								
7	Төлнұсқа құқығындағы шағын нысандар								
8	Жиыны								

Анықтамалық-ақпараттық басылымдар

№ р/б	Көрсеткіштер	Саны
1	2	3
1	Басылған жолсілтемелер, қорлар бойынша қысқаша анықтамалықтар	
2	Әкімшілік-аймақтық бөлу бойынша басылған анықтамалықтар	

3	Мекемелер тарихы бойынша басылған анықтамалықтар	
4	Өзге де түрде басылған анықтамалықтар	
5	Басылған анықтамалықтардың барлығы	

4. Ғылыми-анықтамалық кітапхананың құрамы мен көлемі

№ р/б	Көрсеткіштер	Саны
1	2	3
1	Кітаптар және кітапшалар	
2	Газеттер	
3	Журналдар	
4	Баспа өнімдерінің өзге түрлері	

5. Құжаттарды сақтау жағдайлары

№ р/б	Көрсеткіштер	Саны
1	2	3
1	Архив ғимараттары	
2	Арнайы үй-жайлар	
3	Бейімделген үй-жайлар	
4	Архив қоймаларының толу дәрежесі (пайызбен)	
5	Ғимараттардың күзет сигнализациясымен жабдықталуы (пайызбен)	
6	Ғимараттардың өртке қарсы сигнализациямен жабдықталуы (пайызбен)	
7	Металды сөрелерінің ұзындығы (қума метрмен)	
8	Ағаш сөрелердің ұзындығы (қума метрмен)	
9	Мұқабаланған құжаттар (сақтау бірлігімен)	

Басшының лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), қолы

Орындаушының лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), қолы
, телефон нөмірі

Күні

Мөр қоятын орын

Ұлттық архив қоры
құжаттарының құрамы туралы
деректердің
орталықтандырылған
мемлекеттік есебін жүргізу
қағидаларына 2-қосымша
Нысан

Қор карточкасы

Қордың бірінші түскен күні	Қор карточкасын алған күн	Қордың сақталған орны	Қордың № / Санаты/ Меншік нысаны
Қордың әр атауының шеткі даталары	Қордың атауы		
1 қаңтардағы қордың көлемі	Жылдар		
	Сақтау бірліктерінің/ құжаттардың саны		
	Соның ішінде сипатталмаған сақтау бірліктері/құжаттар		
	сақтау бірліктерінің сақтандыру көшірмелері барлары		

Қор карточкасының артқы жағы

Тізімдеменің атауы, құжаттардың аннотациясы	Жылдың басы	Жылдың аяғы	Тізімдеменің атауы, құжаттардың аннотациясы	Жылдың басы	Жылдың аяғы

Қордың бұрынғы № _____

Ескертпе _____

Басшының лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), қолы

Орындаушының лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), қолы
, телефон нөмірі

Күні

Мөр қоятын орын

Ұлттық архив қоры
құжаттарының құрамы
туралы деректердің
орталықтандырылған
мемлекеттік есебін жүргізу
қағидаларына 3-қосымша
Нысан

(мемлекеттік архивтің, музейдің,

кітапхананың атауы)

20__ жылғы 1 қаңтардағы қорлардың құрамы мен көлеміндегі өзгерістер туралы мәліметтер

№ р/ б	Қор №	Санаты	Қорлардың атаулары	Түсті		Шықты		___ жылғы 1 қаңтардағы қордағы сақтау бірліктерінің жалпы саны		
				Тізімдеменің атауы, құжаттардың аннотациясы	Жылдар	Тізімдеменің атауы, құжаттардың аннотациясы	Жылдар	Тізімдемелерге енгізілген сақтау бірліктері	Енгізілмеген сақтау бірліктері/ құжаттар	Сақтау бірліктері сақтау көшірмеле барлары
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

Барлығы: _____ ішінде _____ қор, _____ сақтау бірлігі/құжат түсті;
_____ қор, _____ сақтау бірлігі/құжат шықты;
_____ сақтау бірлігіне сақтандыру көшірмелері жасалды.
_____ жылғы 1 қаңтарда архивте қорлардың тізімі бойынша № _____ ден бастап
№ _____ дейінгі қорлардың нөмірлері бар,
Соның ішінде бар болып есептелетін _____ қор, _____ сақтау бірлігінің
қор,

тапсырылған және біріктірілген (істері пайдаланылған және нөмірін алуға болмайтын) қорлардың нөмірлері _____,
 жойылған қорлар _____,
 бос нөмірлер _____.

Басшының лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), қолы

Орындаушының лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), қолы
 , телефон нөмірі
 Күні
 Мөр қоятын орын

Ұлттық архив қоры
 құжаттарының құрамы
 туралы деректердің
 орталықтандырылған
 мемлекеттік есебін жүргізу
 қағидаларына 4-қосымша
 Нысан

20__ жылғы 1 қаңтардағы

Қорлар каталогы бойынша есептік мәліметтер

№ р/ б	Архивтің атауы	Қорлар тізімі бойынша қорлардың бірінші және соңғы нөмірлері	1 қаңтардағы паспорт бойынша қорлардың саны	Саны карточек в фондовом каталоге				Қорлардың б о с нөмірлерінің саны	Ескертпе
				Барлығы	Архивте сақталатын қорларға	Біріктірілген архив қорының құрамына енгізілген (б ұ р ы н пайдаланылған) қорларға ж ә н е тапсырылған қорлар	Жойылған қорларға		
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

Басшының лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), қолы

Орындаушының лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), қолы
, телефон нөмірі

Күні

Мөр қоятын орын

Ұлттық архив қоры
құжаттарының құрамы
туралы деректердің
орталықтандырылған
мемлекеттік есебін жүргізу
қағидаларына 5-қосымша
Нысан

Кімге ұсынылады _____

(мемлекеттік архивтің ресми

_____ атауы және оның пошталық мекенжайы)

Кім ұсынады _____

(есеп беретін ұйымның ресми

_____ атауы және оның пошталық мекенжайы)

_____ (есеп беретін ұйымның меншік нысаны)

20__ жылғы 1 желтоқсандағы

Қазақстан Республикасы мемлекеттік архивтерінің толықтыру көздері-ұйымдар архивтерінің жиынтық паспорты

1. Мемлекеттік архивтерге басқару құжаттамаларын тапсыратын ұйымдар туралы мәліметтер

№ р/ б	Көрсеткіштердің атауы	Саны	Ш т а т бойынша жұмыскерлер саны	Архив мекемелерімен келісілгендер саны		Құжаттарды сақтауға арналған үй-жайлардың саны	Құжаттарды тұрақты сақтауға тапсыруға толық дайындаған ұйымдардың саны
				І с т е р номенклатуралары	І с жүргізу бойынша нұсқаулықтар , ережелер		
1	2	3	4	5	6	7	8
1	Мемлекеттік архивтерді бейіні бойынша толықтыратын мемлекеттік ұйымдар						

2	Мемлекеттік архивтерді бейіні бойынша толықтыратын мемлекеттік емес ұйымдар						
3	Аудандық, қалалық архивтерді бейіні бойынша толықтыратын мемлекеттік ұйымдар						
4	Аудандық, қалалық архивтерді бейіні бойынша толықтыратын мемлекеттік емес ұйымдар						
5	Біріктірілген ведомстволық архивтер						

2. Басқару құжаттамасы туралы мәліметтер

№ р/б	Көрсеткіштердің атауы	Сақтау бірліктерінің барлығы	Тұрақты сақталатын құжаттардың саны (сақтау бірлігімен)		Жеке құрам бойынша құжаттардың саны (сақтау бірлігімен)		Жыл бойы тұрақты сақталатын істердің саны (сақтау бірлігімен)
			Тізімдемелерге енгізілгені	Архив мекемесінің сараптау-тексеру комиссиясымен бекітілгендері	Белгіленген мерзімнен артық сақталғаны	Барлығы	
1	2	3	4	5	6	7	8
1	Мемлекеттік архивтерді толықтыру бейіні бойынша басқару құжаттамасын сақтайтын мемлекеттік ұйымдар						
2	Мемлекеттік архивтерді толықтыру бейіні бойынша басқару құжаттамасын сақтайтын						

	мемлекеттік емес ұйымдар						
3	Аудандық, қалалық архивтерді толықтыру бейіні бойынша басқару құжаттамасын сақтайтын мемлекеттік ұйымдар						
4	Аудандық, қалалық архивтерді толықтыру бейіні бойынша басқару құжаттамасын сақтайтын мемлекеттік емес ұйымдар						
5	Біріктірілген ведомстволық архивтерде сақталатын басқару құжаттамасы						

3. Ғылыми-техникалық құжаттаманы сақтайтын мемлекеттік, қалалық, аудандық архивтердің толықтыру көзі-ұйымдар туралы мәліметтер

№ р/б	Ұйымдардың түрлері	Құжаттарды сақтауға арналған үй-жайдың саны	Ш т а т бойынша қызметкерлер саны	Тізімдемелерге енгізілген сақтау бірліктерінің саны	Белгіленген мерзімнен артық сақталған құжаттар саны (сақтау бірлігімен)	Сақтау бірліктерінің барлығы
				Архив мекемесінің сараптау-тексеру комиссиясымен бекітілгендері		
1	2	3	4	5	6	7
1	Мемлекеттік ұйымдар					
2	Мемлекеттік емес ұйымдар					

4. Кино-, фото-, дыбыстық-, бейнеқұжаттар туралы мәліметтер

					Сақтау бірліктерінің	
--	--	--	--	--	----------------------	--

№ р/ б	Ұйымдардың түрлері	Архив мекемесінде тіркеуде тұратын ұйымдардың саны	Құжаттарды сақтауға арналған үй-жайдың саны	Штат бойынша қызметкерлер саны	саны тізімдемелерге енгізілгені	Белгіленген мерзімнен артық сақталған құжаттар саны (сақтау бірлігімен)
					Архив мекемесінің сараптау-тексеру комиссиясымен бекітілгендері	
1	2	3	4	5	6	7
1	Киноқұжаттарды сақтайтын мемлекеттік ұйымдар					
2	Киноқұжаттарды сақтайтын мемлекеттік емес ұйымдар					
3	Фотоқұжаттарды сақтайтын мемлекеттік ұйымдар					
4	Фотоқұжаттарды сақтайтын мемлекеттік емес ұйымдар					
5	Дыбыстық құжаттарды сақтайтын мемлекеттік ұйымдар					
6	Дыбыстық құжаттарды сақтайтын мемлекеттік емес ұйымдар					
7	Бейнеқұжаттарды сақтайтын мемлекеттік ұйымдар					
8	Бейнеқұжаттарды сақтайтын мемлекеттік емес ұйымдар					

Басшының лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), қолы

Орындаушының лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), қолы
, телефон нөмірі

Күні

Мөр қоятын орын

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК